

Ш.А. СМАГУЛОВА,¹
э.ғ.д., профессор.
А.Б. ИМАШЕВ,²
PhD.
А.Ғ. СЫРЫМ,¹
магистрант.
«Нархоз» университеті¹
Қазақ экономика, қаржы және
халықаралық сауда университеті²

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Андатпа

Мақала сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және республиканың экономикалық қартерлеріне қарсы тұруға бағытталған. Бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігін ұйымдастыру үшін шешуші мәнге ие. Ұлттық мүдделерді қорғауға кепілдік беретін мемлекеттік институттардың тиімді дамуы қажет. Экономикалық және ұлттық қауіпсіздікті ұйымдастыру туралы әдеби шолу жүргізілді. Соңғы бес жылда Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштері анықталды. Талдау көрсеткендей, экономикалық өсу негізінен тау-кен саласына бағытталады. Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік қамсыздандыруға және мақсатты көмекке жұмсалған шығыстары талданды. Жан басына шаққандағы орташа табысы бағаланып, бірте-бірте өсіп келеді. Төмен жылдық инфляция халықтың тұтынушылық сұранысын ынталандырады. Сонымен қатар, Ресей рублі бойынша амортизациялық, әлемдік экономика мен тәуекел белгісіздік ұлттық экономиканың ұлттық қауіпсіздікке қатер болып табылады. Жұмыста мемлекеттік органдардың функцияларының қайталануы, шикізат мамандануы, экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі сияқты проблемалар анықталды. Ұсынымдар экономикалық секторларды технологиялық жабдықтауды жақсарту, импортқа тәуелділікті төмендету және т.б. талаптары бар. Қазақстанның қоғамды қорғау және мемлекеттік қауіпсіздікке ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы тұру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жетілдіруге баса назар аудару қажет.

Тірек сөздер: ұлттық қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік саясат, қатерлер, мүдделерді қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, мақсатты көмек.

Азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік мәнді мүдделерінің, ұлттық құндылықтарының, өмір салтының әртүрлі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалғандығы мемлекеттегі ұлттық қауіпсіздікті сипаттайды. Осы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың жиынтығы мемлекеттік саясатты қалыптастырады. Ұлттық қауіпсіздік саясат ғылымының санаты ретінде, тарихи дамыған ортада ұлттық мүдделерді іске асыруға кепілдік беретін қоғамдық қатынастар мен қоғамдық сананы, қоғам институттарын және олардың қызметін қамтитын, интегралдық жүйе ретінде сипатталатын, қауіпсіздікті байланыстырады.

Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегиясын айтсақ болады. Себебі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін тиімді жүзеге асыру мәселелерінің біріне жемқорлыққа қарсы күресті қамтамасыз ету жатады [1].

Ұлттық қауіпсіздік қорғаныс немесе ішкі саясатта ғана емес, сонымен қатар экономика, өскелең ұрпаққа тәрбие беру және басқа да барлық салаларда қамтамасыз етілуге тиіс.

Оның шешімдерін табу үшін сәйкес күш, құралдар, қорлар, арнайы құрылымдар, басқарушы кадрлар мен үздік мамандар, ғылыми, ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да қамсыздандыру, біртұтас ең мемлекеттің іс-әрекеттерін қамтитын ұлттық қауіпсіздік саясаты талап етіледі.

Сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздікті жүзеге асыру заңнамалық тұрғыда да қамтамасыз етілуі керек. Бұл заң «Ұлттық қауіпсіздік туралы» адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге; елде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтауды, қазақстандық отаншылдық және Қазақстан халқының бірлігін сақтауға бағытталған.

«Ұлттық қауіпсіздікті: 1) басқа мемлекеттерден де, өз елінің аумағынан шыққан қауіп-қатерге қарсы тұру үшін ұлттың жеткілікті экономикалық және әскери күшпен қамтамасыз етілу жағдайы; 2) «сыртқы қауіптен арылуға нақты мүмкіндік», – деп А.И. Овчинников, А.Ю. Мамычев және тағы да басқалары дәлелдеген болатын [2].

Негізгі қауіпсіздік объектілеріне қолданылатын заң: адам – оның құқықтары мен бостандықтары; қоғам – оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет конституциялық жүйе, егемендік және аумақтық тұтастық болып табылады [3].

Ресейлік ғалым А.И. Архипов азық-түлік қауіпсіздігі халықтың ауыл шаруашылығы өнімдерімен үздіксіз жабдықталуына, денсаулықты және қажетті физиологиялық қажеттіліктерді қолдау үшін тікелей әсер ететінін айтады [4].

Азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттің экономикалық дамуының тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді [5] (Oosterveer, Sonnenfeld).

Бұл ретте, аграрлық саланы мемлекеттік реттеу маңызды рөл атқарады. А.А. Кайгородцевтің пікірінше, ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс жағдайында экономикалық өсім баяулады [6]. Бұл дағдарыстан кейінгі кезеңде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің төмендеуіне алып келеді. Осыған байланысты Қазақстанда материалдық өндірісті индустрияландыру бойынша іс-шаралар өткізу қажет.

Макроэкономикалық тұрақтандыруды және ұлттық қауіпсіздікті қолдау үшін қазіргі заманғы жағдайларда АӨК-ді дамыту маңызды өзектілікке ие болады. Экономиканы әртараптандыруды және агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялар тартуды күшейту тауарларды өндіруді және шетелдік ауыл шаруашылығы нарықтарына қол жетімділікті арттыру үшін алғышарттар жасайды (Smagulova Sh., 2016) [7].

Қауіпсіздік саясатының өзегі ұлттың және ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттік институттар арқылы мемлекеттік құрылыс мәселелерін өздігінен шешіп, тұлғаның және қоғамның мүдделері үшін тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатты жүргізу қабілеті мен мүмкіншілігінен тұрады. Яғни, ұлттық қауіпсіздік тек қана ұлттың аман қалу жағдайын ғана емес, сонымен қатар қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның толыққанды өмір сүруі үшін қажетті жағдайды анықтап, түсінуге мүмкіндік беретін, саяси, әскери, экономикалық, элеуметтік, экологиялық, рухани және басқа факторлардың біртұтас кешенді жүйесін білдіреді [8].

Ұлттық қауіпсіздіктің келесідей түрлерін бөліп көрсетуге болады: (1-сурет). Соңғы уақытта Қазақстан үшін, тиімді және бәсекеге қабілетті экономиканы құру факторы ретінде, ұлттық қауіпсіздіктің экономикалық аспектілері маңызды болып табылады. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі іргетасы және материалдық негізі болып экономикалық қауіпсіздік саналады. Сондықтан да, экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштеріне талдау жасау маңызды. Ол елдегі ұлттық қауіпсіздіктің жағдайын анықтайды. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері – жалпы экономикалық жүйенің жай-күйі, оның орнықтылығы мен жұмылғыштығы туралы жалпы түсінік беретін ең елеулі параметрлер.



Сурет 1 – Ұлттық қауіпсіздіктің түрлері

Ескертпе – Пайдаланылған әдебиет негізінде автормен құрастырылған [2].

Оның маңызды көрсеткіштері: жалпы ішкі өнімнің өсуі, тұрмыс деңгейі мен сапасы, инфляция қарқыны, жұмыссыздық нормасы, экономиканың құрылымы, халықтың мүліктік жағынан жіктелуі, экономиканың қылмыстық сипат алуы, шаруашылықтың техникалық

базасының жай-күйі, бәсекелесуге қабілеттілік, импортқа тәуелділік, ішкі және сыртқы борыш, т.б.

Кесте 1 – 2013–2017 жж. аралығындағы экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері

Атауы	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
ЖІӨ, млн тг	35 999 025,1	39 675 832,9	40 884 133,6	46 971 150,0	51 566 764,1
Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі, тг	2 113 204,8	2 294 830,2	2 330 360,2	2 639 710,3	2858841,1
Жұмыссыз халық, мың адам	470,7	451,9	454,2	445,5	439,3
Орта есеппен жан басына шаққандағы табыс, тг	56 453	62 271	67 321	76 575	80226
Инфляция қарқыны	4,9	7,54	13,53	8,29	5,9
Ескертпе – Әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған: http://stat.gov.kz Қазақстан Республикасы, Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитеті сайты.					

2013–2017 жылдар аралығындағы экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштеріне талдау жасай келе, бес жыл ішінде ұлттық қауіпсіздік деңгейін және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші мемлекеттік саясат қалай жүзеге асырылғанына көз жеткізе аламыз (кесте 1).

2013–2017 жылдар аралығында Жалпы ішкі өнім көлемінің өсуі, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жақсы болып келеді. Себебі, мемлекеттің ЖІӨ көлемі жылдан жылға артып отырса халықтың денсаулығын қамтамасыз етуде маңызды. 2017 жылы 2013 жылмен салыстырып қарағанда, ЖІӨ көлемі 43,2%-ға артты.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға артты. 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға артты. 2016 жылы 2015 жылмен салыстырсақ, 12,1%-ға артып, 2017 жылы 2016 жылмен салыстырмалы тұрғыда қарасақ 8,3%-ға артты. 2017 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 745,6 мыңға немесе 26,1%-ға артты. Бұл көрсеткіш елдегі экономикалық қауіпсіздіктің тұрақты деңгейде жүзеге асырылып жатқанын дәлелдейді.

2018 жылдың бірінші жарты жылдығында ЖІӨ нақты көлем индексі 104,1%-ға тең болды. 2018 жылдың 1-ші жартыжылдығында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5,2%-ға артты. Экономиканың салалары бойынша ең жоғары өсу қарқыны сауда, көлік және өнеркәсіпке тиесілі.

Өнеркәсіптің өсуіне темір кенін, табиғи газды, шикі мұнайды өндіру айтарлықтай әсер етті. Бұл дегеніміз, ел үшін өнеркәсіптің шикізаттық бағыты тән. Сондықтан, көмірсутек шикізатына әлемдік баға төмендейтін болса, республика өзінің мемлекеттік бюджетке түсетін кірісін жоғалтады, сондай-ақ экономикалық белсенділіктің төмендеуіне әкеледі.

Болжам бойынша, 2018 жылдың соңына қарай ЖІӨ өсімі 3,8%-ға дейін жоспарланған.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2018 жылдың ортасында 25,8%-ға артты. Тау-кен өндіру секторында және тұрғын үй құрылысында жобаларды іске асыру нәтижесінде инвестициялық белсенділіктің оң серпіні сақталады.

Айта кету керек, Қазақстан экономикасы Халықаралық экономикаға, Ресей экономикасына, экономикалық дағдарыстарға және мұнай-газ бағасына және басқа да табиғи ресурстарға байланысты. Қазіргі уақытта АҚШ саясаты пайыздық мөлшерлемелерді арттыруға бағытталған, бұл капиталдың кетуіне және дамушы елдердің ұлттық валюталарының әлсіреуіне әкеліп соқтырды.

Сыртқы борыш 2018 жылдың басынан бастап төмендеп, 1-ші сәуірде 166,6 млрд долларды құрағанын айта кету керек. Бұл ретте жалпы құрылымда фирмааралық берешек 63%-ды құрайды. Қарыздың төмендеуі, негізінен, Қытайдың мемлекеттік және қаржылық ұйымдарынан сыртқы қарыздарды өтеу есебінен болды.

Елдегі жұмыссыздық халықтың өмір сүру деңгейімен тығыз байланысты. Жұмысынан айыру олардың өмір сүру деңгейінің азаюына алып келеді. Сондықтан да, жұмыссыздық деңгейіне талдау жасау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Жұмыссыздық деңгейі 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда, 6,2 мың адамға азайды, ал 2013 жылмен салыстырғанда 31,4 мың адамға азайған. Бұл жақсы көрсеткіш болып саналады. 2018 жылдың

1 қаңтарынан бастап 1 тамызына дейін 297,1 мың адам жұмысқа орналастырылды. 2018 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,9% немесе 442,3 мың адамды құрады.

Орта есеппен жан басына шаққандағы табыс 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда, 4,76%-ға артты, 2013 жылмен салыстырғанда 42,1%-ға артты. 2018 жылда 7 ай ішінде орташа айлық жалақы 157,7 мың теңгені құрады және бұл нақты көрсеткіште 2,3%-ға өсті. Нақты ақшалай табыс 1%-ға өсті. Әрине, бұл әлі жеткіліксіз. Сондықтан да, біз, индустрияландыру бағытын одан әрі дамытып, экономиканың нақты секторына инвестицияларды тарту қажет деп есептейміз.

2018 жылғы тамызда күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 29,15 мың теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2017 жылға қарағанда 13,6%-ға артық. Соңғы 5 жыл үшін – бұл жылдық өсудің ең жоғары көрсеткіші болып табылады.

Бұл ұлттық қауіпсіздіктің іргетасы болып келетін экономикалық қауіпсіздіктің тұрақты деңгейде өсіп келе жатқанын көрсетеді.

2018–2020 жылдарға арналған әлеуметтік блоктың шығыстары 15,4 трлн теңгені құрайды. Олардың ішінде, 2019 жылға 4,7 трлн теңгені немесе жалпы шығындардың 44,1%-ын құрайды. Әлеуметтік қамсыздандыру мен көмек көрсету үшін 9,5 трлн тг жоспарлануда, оның 2019 жылы – 3 трлн теңгесі 2018 жылға қарағанда 359,3 млрд теңгеге (13,8%) өсім байқалатын болады.

Сонымен қатар, базалық зейнетақыны тағайындау тәртібі өзгереді. 2019 жылы оның ең төменгі мөлшері – 36 108 теңгені құрайтын болады. Зейнетақылар мен жәрдемақылар инфляция деңгейіне пропорционалды түрде индекстеледі. Базалық зейнетақының орташа мөлшері 27 732 теңге көлемінде болады деп жоспарлануда. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақыны есепке алғанда зейнетақының орташа мөлшері 5728 теңгеге артып, 87 243 теңгеге дейін артады.

Инфляция қарқыны елдегі тауарлар мен қызметтер сапасының төмендеуін көрсетеді. Ал бұл ұлттық қауіпсіздіктің деңгейіне тығыз әсер етеді. 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 2,39%-ға төмендеді.

2018 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жылдық инфляция 6%-ды ғана құрады. Азық-түлік тауарларына баға 4,2%-ға, азық-түлік емес тауарларға – 8,4%-ға, ақылы қызметтерге – 5,5%-ға өсті.

Инфляцияның ұлғаюы ұлттық валютаның әлсіреуінен, рубльдің құнсыздануынан және Ресей Федерациясының халықаралық санкциялары, дамушы нарықтардан шетел валютасын экспорттау, белгісіздік және тәуекелдердің артуымен байланысты болды. Болжам бойынша, 2018 жылы жылдық инфляция 5–7% деңгейінде болады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатын талдау осы бағытта бірқатар проблемаларды анықтады. Осылайша, Қазақстанда адамның қауіпсіздігі заңнамалық деңгейде маңызды болғанымен, мемлекеттің қауіпсіздігі басты орынды алады.

Ең алдымен, Қазақстан Республикасының саяси жүйесіндегі мәселерді атап өту керек, өйткені ол республиканың басқа да салаларына, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік және заңнамалық басымдықтарға ие болып келеді.

Қазақстанның саяси жүйесіндегі мәселе, бұл Қазақстан Республикасы Парламентінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өкілеттіктері төмендегідей функцияларға ғана төмендетілгені: заңнамалық базаны қалыптастыру; қорғаныс және әскери ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдерді ратификациялау және күшін жою. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттіктері тек консультативтік сипатта болуы. Әлемдік дамыған елдерде, мысалы АҚШ-та, Ұлттық қауіпсіздік кеңесі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің орталық органы болып табылады.

Республика экономикасы үшін ұлттық қауіпсіздіктің мынадай проблемалары тән – шикізаттық мамандану және оған байланысты ұлттық нарықтың әлемдік конъюнктураның ауытқуынан осалдығы, азық-түлік қауіпсіздігінің жеткіліксіз деңгейі, негізгі капиталдың тозуы, экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі.

Ұлттық валютаның құбылмалылығы, сондай-ақ капиталдың экспорты еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне елеулі қатер болып табылады. Осыған байланысты мемлекет ұлттық валюта бағамының тым күшті ауытқуларын түзету мақсатында валюталық интервенцияларды жүзеге асыра алады.

Ұлттық қауіпсіздік саласындағы айналысатын мемлекеттік органдардың, бүкіл жүйенің тағы да бір маңызды проблемаларының бірі функцияларын қайталау болып табылады. Осылайша, терроризмге қарсы күрес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің, ҚР ПМ-нің, Ішкі істер органдарының, Республикалық Гвардияның, ҚР ҰҚК терроризмге қарсы орталығының, арнайы мақсаттағы бөлімшелер ішкі әскерлерінің қызметіне жүктеледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес істерін Ішкі істер министрлігімен бірге ҰҚК де басқаруға құқылы. Бұл әр түрлі мемлекеттік органдар арасында қайталанатын функциялардың болуы, түпкілікті талдауда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деңгейіне әсер ететін осы органдардың өзара бәсекелестігіне алып келеді.

Мақалада кездескен мәселелерге сәйкес мынадай ұсыныстар енгізуді ұсынамыз: алдымен біз, бюрократияның саяси рөліне тоқталуымыз керек, себебі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарының практикалық іске асырылуына дейінгі декларациядан бастап, бұл еңсерілмейтін кедергі болып табылады. Сол сияқты, үкіметтің кейбір шешімдері әрқашан орындалмайды. Мұның да себебі – жергілікті және орталық бюрократияның алатын саяси рөлі. Сондықтан да, бюрократиялық құбылыспен күресудің жолын көбейтіп, нығайту қажет.

Жоғарыда айтылып кеткен бір қызметтің бірнеше органдардың атқара беру мәселесіне орай, біз осы қауіпсіздік мақсатын жүзеге асыратын органдардың функцияларының екі рет қайталанбауын ұсынамыз. Бұл бізге алдымен, органдар арасындағы өзара бәсекелестікті жойып, нәтижелі жұмыс істеуге әкеледі.

Біз негативті, теріс қиындықтарды шешу үшін индустрияландыруды, өндірістегі құрылымдық өзгерістерді, материалдық өндірісті дамытуды және импортқа тәуелділікті төмендетуді қажет деп есептейміз.

Ұлттық валютада жинақталған зейнетақы қаражатын және депозиттерді қорғау үшін жағдай жасау қажет. Бұл қазақстандықтар үшін валюта бағамының құбылмалылығының жағымсыз салдарын азайтып, минимализациялайды.

Қазіргі таңда экономикалық қауіпсіздікті жүзеге асыру барысында, капиталдың іште емес, сыртқа көп шығарылуы орын алып жатыр. Бұл факторда ұлттық қауіпсіздік мәселесіне септігін тигізеді. Сондықтан да, біз осы өз капиталымызды іште өңдеуге мүмкіндік жасауға көп назар аударуы керек деген ұсыныстамыз.

Сонымен мақаланы қорытындылай келе, Ұлттық қауіпсіздік – қазіргі заманғы мемлекеттің, соның ішінде Қазақстанның да негізі болып келеді, өйткені ол тек әскери қауіпсіздікті ғана емес, жаһандану жағдайында ұлттық мүдделерге қауіп-қатерлерді бейтараптандыруға, жоюға, азайтуға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

Осылайша, ұлттық қауіпсіздік негізгі ұлттық мүдделерді қалыптастыратын ұлттық идея негізінде қалыптасады, оның қорғалуы ұлттық қауіпсіздік саясатын таңдау үшін беріледі. Осыған байланысты ұлттық мүдделер емес, тұрақты және орнықты болуы керек. 2013–2017 жылдар аралығындағы ұлттық қауіпсіздіктің негізі болып табылатын экономикалық қауіпсіздіктің көрсеткіштеріне талдау жасау арқылы, біз сол аралықтағы ұлттық қауіпсіздіктің тұрақты деңгейде қамтамасыз етіліп отырғанына көз жеткіземіз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік мәселесіне келгенде, Қазақстан ішкі қауіп-қатерлерге, ұлттық қауіпсіздіктің сыртқы қатерлеріне де қарсы тұру жөніндегі мемлекеттік саясатты белсенді әрі тиімді жүргізеді. Мақаланы зерттеу барысында мемлекеттің ұлттық қауіпсіздіктің саяси жүйеге тәуелділігі елде саяси реформалар деңгейіне тікелей байланысты. Бұл, өз кезегінде, азаматтық қоғамның қалыптасуына, Қазақстанның азаматтарының құқықтық және саяси санасына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. – Астана: Ақорда, 2015.
- 2 Овчинников А.И., Мамычев А.Ю., Кравченко А.Г. Основы теории национальной безопасности: учеб. пособие. – М.: РИОР, 2014. – 321 с.
- 3 Шободоева А.В. Теория национальной безопасности Российской Федерации: учебник. – Иркутск: БГУ, 2017. – 243 с.

- 4 Архипов А.И. Экономика: учебник / под ред. А.И. Архипова. – М.: Проспект, 2012. – 750 с.
- 5 Peter Oosterveer, David Sonnenfeld. Food, Globalization and Sustainability. – Routledge, 2011. – 288 p.
- 6 Кайгородцев А.А. Экономическая безопасность Казахстана в условиях турбулентности мировой экономики // Fundamental Research. – 2017. – № 7. – С. 136–140.
- 7 Smagulova Sh. and etc. Analysis of the oil market and the role of investment in the agrarian sector in Kazakhstan // International Journal of Economics and Financial Issues. – Turkey. – 2016. – № 6(2). – P. 798–806 / available at <http://www.econjournals.com>.
- 8 Barrett B. Food security and sociopolitical stability. – USA: Oxford University Press, 2013. – 512 p.

Аннотация

Статья посвящена формированию антикоррупционной культуры и борьбе с экономическими угрозами республики. Это имеет решающее значение для организации национальной безопасности страны. Выделяется необходимость эффективного развития государственных учреждений, которые гарантируют защиту национальных интересов. Проведен литературный обзор по вопросам организации экономической и национальной безопасности. Определены основные показатели экономической безопасности Казахстана за последние 5 лет. Проведенный анализ показал, что экономический рост в основном ориентирован на горнодобывающий сектор. Проанализированы расходы государственного бюджета на социальное обеспечение и адресную помощь. Осуществлена оценка средних доходов на душу населения, которые постепенно увеличиваются. Обосновано, что невысокая годовая инфляция стимулирует потребительский спрос населения. Вместе с тем некоторое обесценение российского рубля, неопределенность развития мировой экономики и риски представляют угрозу для национальной безопасности, национальной экономики. В работе раскрыты такие проблемы, как дублирование функций государственных органов, сырьевая специализация, низкая конкурентоспособность экономики. В качестве рекомендаций даны требования по улучшению технологического обеспечения секторов экономики, снижению импортозависимости и др. Следует сделать акцент на совершенствование проведения государственной политики по формированию защищенности общества и противодействию внутренним и внешним угрозам национальной безопасности Казахстана.

Ключевые слова: национальная безопасность, коррупция, государственная политика, риски, защита интересов, социальное обеспечение, адресная помощь.

Abstract

The article is devoted to the formation of anti-corruption culture and the fight against economic threats of the republic. This is of great importance for the organization of national security of the country. The need for effective development of state institutions that guarantee the protection of national interests is highlighted. A literature review on the organization of economic and national security was conducted. The main indicators of Kazakhstan's economic security over the past five years have been determined. The analysis showed that economic growth is mainly focused on the mining sector. The state budget expenditures on social security and targeted assistance have been analyzed. An average per capita income has been estimated, which is gradually increasing. It is justified that low annual inflation stimulates consumer demand of the population. At the same time, some devaluation of the Russian ruble, uncertainty in the development of the world economy and risks present a threat to national security and national economy. Such problems as duplication of functions of state bodies, raw specialization, low competitiveness of the economy are revealed in the article. As recommendations some requirements for improving the technological supply of the economic sectors, reducing import dependence and others are given. It is necessary to focus on improving the implementation of the state policy to protect the society and counter domestic and external threats to Kazakhstan's national security.

Key words: national security, corruption, state policy, risks, protection of interests, social security, targeted aid.